



**Акционерлердің жалпы  
жиналысының отырысын өткізбей  
сырттай дауыс беру арқылы  
2022 жылғы 25 қаңтарға белгіленген  
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің  
кезектен тыс жалпы жиналысының  
материалдары**

**Нур-Султан 2021**

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**2022 – 2024 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызметтерін бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен сатып алу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ**:

1. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2022 – 2024 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып белгіленсін.

2. 2022-2024 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ-тың қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызметтер бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен «Эрнст энд Янг» ЖШС-дан сатып алынсын.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Д.Ғ. Досанов осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдасын.



**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2021 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_**  
**№ \_\_\_\_\_ шешімінің жобасына**  
**қосымша**

**2022 – 2024 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ аудитін жүзеге асыратын  
аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызметтерін бәсекелік  
келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен сатып алу туралы  
мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеттері**

2022 – 2024 жылдарға «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызметтерін бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен сатып алу.

**2. Экономикалық тиімділік**

Көзделмеген. Бірақ, 2022-2024 жылдарға Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізу Қоғам акционерлері мен мүдделі тұлғаларға нақты және уақытылы қаржылық есептілігін ұсынуды қамтамасыз етеді.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

2022 жылғы 31 наурызда Қоғам мен «Эрнст энд Янг» ЖШС арасында жасалған 2019-2021 жылдарға қаржылық есептілікке аудит жүргізу бойынша қызметтерді ұзақмерзімді сатып алу шартының қолданылу мерзімі аяқталады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 16 сәуірдегі №15/21 отырыс хаттамасы) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес 2021 жылғы 20 тамызда «Самұрық-Қазына» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес ұйымдары үшін сыртқы аудиторды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссия (бұдан әрі – Бірыңғай комиссия) аудиторлық ұйымды таңдау рәсімдерінің қорытындылары бойынша Қоғамның уәкілетті органына 2022-2024 жылдарға қаржылық есептілікке аудит жүргізетін сыртқы аудитор ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны белгілеуді және

оның қызметінің құнын ҚҚС-ны есептемегенде 252 442 000 (екі жүз елу екі миллион төрт жүз қырық екі мың) теңге мөлшерінде ұсынды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылғы 3 шілдедегі №161 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің 11-1-бабы 3-тармағына сәйкес Тапсырысшы Тапсырысшының аудитін жүргізу бойынша аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алуды құзіретіне Тапсырысшының жарғысына сәйкес Тапсырысшының аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу жөнінде шешім қабылдау жатқызылатын Тапсырысшының уәкілетті органы шешімінің негізінде бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен жүзеге асыруға құқылы.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының б) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Бұл ретте, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бабы 3-тармағының 15) тармақшасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтеріне төлем мөлшерін айқындау Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Бірыңғай комиссияның ұсынымдары негізінде Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтеріне төлем мөлшерін ҚҚС-ны есептемегенде 252 442 000 (екі жүз елу екі миллион төрт жүз қырық екі мың) теңге сомасында айқындады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Бірыңғай комиссияның ұсынымдарын назарға ала отырып, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына:

1) «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны 2022-2024 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым етіп белгілеу;

2) 2022-2024 жылдарға Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызметтерді бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен «Эрнст энд Янг» ЖШС-дан сатып алу ұсынылады.

«Эрнст энд Янг» ЖШС-ны 2022-2024 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде белгілеуді және оның қызметтерін бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен сатып алуды Қоғам Басқармасы мақұлдады.

**4. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестігі**

2022-2024 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызметтерін бәсекелік келіссөздер жүргізу арқылы тендер тәсілімен сатып алу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

**5. Шешімді қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер, ықтимал салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкелмейді. Бұл мәселе бойынша шешім қабылдамау жылдық қаржылық есептілікті бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу тәуекеліне әкеліп соқтырады.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Д. Досанов**

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Акционерлерінің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселесін және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ**:

1. 2022 жылғы 13 наурыздан бастап айқындалсын:

1) Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамы – 11 (он бір) адам;

2) Қоғамның есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі - 3 (үш) жыл.

2. 2022 жылғы 13 наурыздан бастап Қоғамның есеп комиссиясының мүшелері болып Қоғамның келесі жұмыскерлері сайлансын:

Тумыш Кемәл Қанатұлы – есеп комиссиясының төрағасы;

Аде Лариса Михайловна;

Қожахметов Серік Маратұлы;

Махамбетова Раушан Амангелдіқызы;

Мұханбетжанова Динара Қайырбекқызы;

Мұханова Перизат Қасқырбайқызы;

Накишева Гүлжазира Балкенқызы;

Нұрсейітова Зура Асқарқызы;

Нүсіпжанова Дина Бақытқызы;

Тапаева Жанна Маратқызы;

Тукупов Серік Бижанұлы.



**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**Акционерлері жалпы жиналысының**  
**2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_**  
**шешімінің жобасына қосымша**

**«ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамын және  
өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы мәселе  
бойынша түсіндірме жазба**

Нұр-Сұлтан қ.

2022 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

Осы мәселенің мақсаттары мен міндеттері 2022 жылғы 13 наурыздан бастап «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, көрсетілген күннен бастап оның мүшелерін сайлау болып табылады.

**2. Экономикалық тиімділігі**

Көзделмеген.

**3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

2022 жылғы 12 наурызда Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2019 жылғы 28 қаңтардағы №1/2019 хаттама) айқындалған Қоғамның есеп комиссиясының қазіргі құрамының үш жылдық өкілеттік мерзімі аяқталады.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен (2020 жылғы 27 мамырдағы №1/2020 хаттама) бекітілген «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес есеп комиссиясы кемінде үш адамнан тұруға тиіс, есеп комиссиясына Қоғамның алқалы органдарының мүшелері кіре алмайды. Есеп комиссиясының негізгі функциялары Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттіктерін тексеру; қатысушыларды тіркеу және оларға Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар беру; кворумның болуын, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің бүкіл уақыты ішінде анықтау және кворумның болуы

немесе болмауы туралы хабарлау; Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санау және дауыс берудің қорытындыларын шығару болып табылады.

Баяндалғандар негізінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына 2022 жылғы 13 наурыздан бастап:

1) Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамын 11 (он бір) адам деп айқындау;

2) Қоғамның есеп комиссиясының өкілеттік мерзімін 3 (үш) жыл деп белгілеу;

3) Қоғамның келесі жұмыскерлерін – Тумыш Кемел Қанатұлы (есеп комиссиясының төрағасы), Аде Лариса Михайловна, Қожахметов Серік Маратұлы, Махамбетова Раушан Амангелдіқызы, Мұханбетжанова Динара Қайырбекқызы, Мұханова Перизат Қасқырбайқызы, Накишева Гүлжазира Балкенқызы, Нұрсейітова Зура Асқарқызы, Нүсіпжанова Дина Бақытқызы, Тапаева Жанна Маратқызы, Тукупов Серік Бижанұлы есеп комиссиясының мүшелері етіп сайлау ұсынылады.

Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін, сондай-ақ Қоғамның есеп комиссиясының мүшелері болып сайлануға ұсынылған Қоғам жұмыскерлерінің кандидатураларын Қоғам Басқармасы мақұлдады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай-да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**Д. Досанов**